Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанынан құрылған
көркемдік кеңестің
Хаттамасы №2

Жалағаш кенті, 2026 жыл

Төрағалық еткен:«Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы Е.Әбуов.

Қатысқандар:Көркемдік кеңес мүшелері: Ә.Шілдебаев, А.Иманова, Ү.Айтқұлова, Н.Манабаев,

22 наурыз «Ұлыстың ұлы күні» мерекелік концерт, театрландырылған қойылымды ұйымдастырып өткізу туралы

---

22 наурыз «Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне арналған концерт пен театрландырылған қойылымды жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізу туралы мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Ә.Шілдебаевтың хабарламасы тыңдалды.

А.Иманова:22 наурыз мерекесіне арнайы орталық стадионда өткізілетін «Ұлыстың Ұлы күні» мерекелік шараға ұлттық костюмдер қажет етеді. Театрландырылған қойылымға қажет сахналық киімдер, биші киімдері қойылым тақырыбына сай таңдалып, сахна көркін ашып, әдемі көрінер еді.

Ү.Айтқұлова:Сонымен бірге осы шараның прологына заманауи стильдегі қазақша шапандар керек.Жоғарыда айтылғандарға қосыламын.

Н.Манабаев:Орталық стадионда орналастырылған жылжымалы сахнаны безендіру үшін, арнайы бекітілген эскизге сәйкес баннерлер шығару керек және оны бекітетін рейка ағашымен әртүрлі өлшемдегі шегелер қажет.

Ә.Шілдебаев:Сценарий бойынша жоғарыда айтылған әріптестердің айтылған сөздеріне қосыламын. 22 наурыз «Ұлыстың ұлы күні» мерекелік шарасы мазмұнды өтуіне байланысты жоғарыда айтылған ұсыныс пікірлер шұғыл орындалуды қажет етеді.

Көркемдік кеңес Шешім қабылдады:

1. 22 наурыз «Ұлыстың ұлы күні» мерекелік концерт, театрландырылған қойылымды жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізудің іс-шаралар жоспарына сәйкес дайындық жұмыстары жоғары дәрежеде жүргізілсін.
2. 22 наурыз «Ұлыстың ұлы күні» мерекелік концерт, театрландырылған қойылымның шығын сметасы бекітілсін.

Көркемдік кеңес төрағасы **Е.Әбуов**

Мүшелері:

Ә.Шілдебаев

А.Иманова

Ү.Айтқұлова

Н.Манабаев